

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ тілі білімі кафедрасы
Мамаева Гүлнар Бейсенқызы
Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор



**Пән атауы: “Қазақ тілінің
терминологиясы”**


Астана, 2022






Дәріс тақырыбы: Сөзжасамдық жұрнақтардың терминжасамға қатысы


Қарастырылатын мәселелер:


- Синтетикалық тәсілдің терминжасам жүйесіндегі ерекшелігі;
 - Сөзжасамдық жұрнақтардың терминжасамға қатысы;
 - Өнімді, өнімсіз жұрнақтар.
- 





Терминжасамға лексикалық
мағына жасайтын яғни сөз
мағынасын өзгертетін
жұрнақтар қызмет етеді.

Сөз мағынасын өзгертетін
жұрнақтар жаңа туынды
лексикалық мағына
жасайды.






*Жұрнақ, туынды сөз,
қос сөз түрінде
сөзжасамның негізгі
мәселелерінен «Тіл-
құралда» мәлімет
берілген [1, 182-255].*



А. Байтұрсынұлының
«Тіл-құралы» сөзжасам
тәсілдері, олардың
түрлері туралы теория
әлі қалыптаспаған кезде
жазылған еді.



Терминжасамда морфологиялық тәсіл де қолданылады және ол өнімді тәсілге жатады. Орыс ғалымы В.П. Даниленко:


«Аффиксальный способ в терминообразовании как и в словообразовании общелитературных слов, является одним из ведущих продуктивных» [2, 107].

01


Сөзжасамдық **жұрнақ**
уәждеме сөзден дефиницияға
сай терминдік мән береді.
Мысалы, *жиілік, бөлшек,*
бөгет, қысым, өлшеу, шөлейт
т.б.

02


Мысалы, *жолшы, етікші,*
биші, дәрігер, заңгер,
зейнеткер туынды түбір
терминдері тілде мамандық
мәнді білдіретін жұрнақтар
арқылы жасалған [3, 167].




Өнімді жұрнақ – жаңа сөздер жасауға жарамды, сөз тұлғасында үлгі боларлық, сөз формаларын, синтаксистік құрылымдарды және сол сияқты басқа тіл бірліктерін жасауда үлгі боларлық типтер, жиі қолданылатын, тілге талай туынды зат атауын берген, қазір де сөзжасамдық қызметін жоғалтпаған жұрнақ [4, 12].




Өнімсіз жұрнақ – өнімді жұрнақтармен салыстырғанда, жаңа сөз жасауға сирек қатысатын, жаңа сөздердің тууында үлгілік сипаты мардымсыз сөз жасаушы тип, тілге санаулы туынды түбірлер қосатын жұрнақ [4, 12].



Терминологияда сөзжасамның мына жұрнақтары өнімді: *-у; -дық, -дік, -лық, -лік, -тық, -тік; -шы, -ші; -м, -ым, -ім; -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе; -ша, -ше; -сыз, -сіз; -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш; -ық, -ік, -қ, -к; -ыс, -іс, -с; -и; -ғы, -гі, -қы, -кі; -ыш, -іш, -ш; -ын, -ін, -н; -гер, -кер; -малы, -мелі, -лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес; -шық, -шік; -шақ, -шек; -шылық, -шілік; -теме, -деме; -нды, -нді; -лай, -лей; -паз; -т, -іт, -ыт; -ыңқы, -іңкі; -ды, -ді, -ты, -ті; -қын, -кін; мыс; -бей; -уіш; -мақ; -мек; -хана; -пар; -ыл, -іл, -л; -ғақ; -шыл, -шіл* [3, 169].



Ал *-шек, -бек, -бей, -тей, -ыш, -с, -тес, -кес, -ел* жұрнақтары арқылы өте аз терминдер жасалады. Сондықтан олар өнімсіз жұрнақтар болып саналады.



Сөзжасамдық мағынаны түрлендіруші деп танылып келген бірқатар жұрнақтардың сөзжасамдық **өлі жұрнақ** екендігі дәлелденді. Олар: *-жын/-жін, -қал/-кел, -айт/-ейт, -пан, -қан, -ақай/-екей, -қай/-кей, -аң/-ең, -шық/-шік, -шақ/-шек, -дақ/-дек, -тақ/-тек, -ат, -қа, -ес* [4, 13].

Туынды түбір терминдер жасайтын өнімді сөзжасамдық жұрнақтар

Жұрнақтар		Мысал
1	-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік	<i>игілік, куәлік, теңдік, сөздік, құлдық, жарлық, азаттық, сенбілік т.б.</i>
2	-шы/-ші	<i>елиі, комбайншы, тракторшы, спортышы, кітапханашы, малышы т.б.</i>
3	-ым/-ім	<i>қысым, келісім, өнім, ұғым, шағым, тізім, білім т.б.</i>
4	-ғыш/-гіш, -қыш/-кіш	<i>жарғыш, ұшқыш, сызғыш, өткізгіш, көрсеткіш, желдеткіш т.б.</i>
5	-ыс/-іс/-с	<i>ұрыс, ағыс, егіс, табыс, соғыс, сөгіс, құрылыс, құбылыс, өндіріс т.б.</i>
6	-уыш/-уіш	<i>елеуіш, анықтауыш, тіреуіш, толықтауыш т.б.</i>

Туынды түбір терминдер жасайтын өнімді сөзжасамдық жұрнақтар

Жұрнақтар		Мысал
7	-ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе	<i>қима, жазба, тұнба, қойма, бөлме, көрме, бөртпе, қортпа, міндеттеме т.б.</i>
8	-ша/-ше	<i>кітапша, бөлімше, жұлдызша, қосымша, сызықша, белдемше т.б.</i>
9	-кер/-гер	<i>жұмыскер, дәрігер, қызметкер, саудагер, қаламгер, еңбеккер т.б.</i>
10	-шылық/-шілік	<i>қуаңшылық, арзаншылық, шабыншылық, қанаушылық т.б.</i>
11	-ландыру/-лендіру, -дандыру/ -дендіру, -тандыру/-тендіру	<i>қуғаландыру, механикаландыру, жарақтандыру, қарусыздандыру т.б.</i>

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жұрнағы терминологияның барлық саласының терминжасам жүйесінде бар деуге болады.


Мысалы

Әскери іс
терминологиясында

*арақашықтық, бейтараптық, биіктік,
жауынгерлік, заңсыздық, кедендік,
басқыншылық*

Математика
саласында

*аралық, ықтималдық, бөлінгіштік,
бұрыштық, дәлдік, доғалық, жазықтық,
жалғыздық, кездейсоқтық, кеңістік*



Уәждеме сөз туынды сөздің мағынасына арқау болады.

Негізінен уәждеме қызметінде байырғы сөздер қолданылады. **Мысалы,** *әдіс-теме, біл-ім, мерген-дік, қысым, дәрі-гер, жетек-ші т.б.*

Мысалы, су шаруашылығына арналған терминологиялық сөздікте *ағын* термині *поток* мәнінде берілген.

Жеңіл және тоқыма өнеркәсібіне арналған терминологиялық сөздікте *кіршеңдік* термині *маркость* мәнінде берілген.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 445 б.
2. Даниленко В.П. Русская терминология. Опыт лингвистического описания. – М.: Наука, 1977. – 246 с.
3. Мамаева Г.Б. Қазақ тілінің терминжасам жүйесі: монография. – Алматы: “ССК” баспасы, 2019. – 304 б.
4. Шоқабаета С.С. Қазіргі қазақ тіліндегі өнімсіз жұрнақтардың сөзжасамдық әлеуеті: филол. ғылымд. канд. дис. автореф. – Астана, 2010. – 28 б.
5. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1964. – 398 б.
7. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 624 б.



Назарларыңызға рақмет!